



АУРЕНОВА МАДИНА ДАУЛЕТКАНОВНА
Психология ғылымдарының кандидаты,
психология және коррекциялық педагогика
кафедрасының қауымдастырылған
профессоры

Мектепті, кейін университетті үздік аяқтады. 1995-2000 жылдары Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің "Бастауыш сынып мұғалімі және мектеп психологы" мамандығы бойынша білім алды. Оқуды бітіргеннен кейін ШҚМУ жалпы психология кафедрасында оқытушы-стажер болып жұмыс істеді. 2003-2006 жылдары ҚазҰҚызПУ «Психология» мамандығы бойынша аспирантурада оқыды.

2010 жылы "Балалар үйінде тәрбиеленуші жасөспірімдердің қарым-қатынасындағы ерекшеліктер" тақырыбында диссертациясын қорғап, 19.00.07 –Педагогикалық психология мамандығы бойынша психология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

2000 жылдан қазірге дейін Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде ғылыми-педагогикалық іс-тәжірибемен айналысуда. Ол оқытушы-стажер, оқытушы, аға оқытушы, деканның орынбасары, әдістемелік бөлімнің бастығы, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің бастығы, қауымдастырылған профессор лауазымдарында қызмет атқарды.

М.Д. Ауренова 80-нен астам мақаланың авторы, жетім балаларға арналған бірқатар даму бағдарламаларының құрастырушысы, оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттердің, 4 монографияның авторы. М.Д. Ауренованың мақалалары дәйексөзіндексі жоғары шетелдік басылымдарда жарияланған. Ол "Өзін-өзі тану", "Мәдени мұра" сынды мемлекеттік ғылыми бағдарламаларын іске-асырушылардың бірі.

Негізгі ғылыми жетістіктері келесі еңбектерде көрсетілген: Балалар үйі тәрбиеленушілерінің психологиялық ахуалын дамыту жолдары; Қарым-қатынас: жетім балалардың әлеуметтену мәселесі; Педагог табыстылығының психологиялық астарлары; Social intelligence as a condition for the development of communicative competence of the future teachers; Әлеуметтік интеллектіні дамытудың психологиялық технологиялары; Студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлығы; Балалардағы тірек-қимыл аппаратының бұзылыстарын психологиялық түзету-дамыту жұмыстары.

2019 жылдан бері "DEMEY оңалту және түзету орталығы" Қоғамдық Бірлестігінің басшысы, ол тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық түзетумен айналысады. Ерекшеліктері бар балалардың ата-аналарына психологиялық тренингтер өткізеді.

Оқитын курстары: Басқару психологиясы; Заманауи менеджердің Soft skills дағдылары; Мектепке дейінгі білім берудегі вариативті білім беру және түзету-дамыту бағдарламаларын жобалау; Акмеология және арнайы білім

беру мекемелеріндегі персоналды дамыту әдістері. "Психология", "Дефектология" білім беру бағдарламалары магистранттарының ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етеді.